

Тарихи анықтамасы

Сырым аудандық малдәрігерлік қадағалау бөлімі мемлекеттік мекемесінің 1999 жылғы қараша айының 8-ші жұлдызынан жабылуына байланысты, осы мекеменің негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 қыркүйек 1999 жылғы №1451 қаулысымен құрылып, облыстық әділет басқармасына «Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы Министрлігінің Сырым аудандық аумақтық басқармасы» мемлекеттік мекемесі тіркеліп ашылған (куәлік №3348-1926 ММ), (К №167, Т №1 «ж», Б №1, іс №2, №3, п-47, п-1).

Аудандық аумақтық басқармасының жұмысының негізгі бағыттары ҚР «Ветеринария туралы», «Тұқым шаруашылығы туралы», «Астық туралы», «Өсімдіктерді қорғау туралы» заңдарының орындалуын, ауылшаруашылық техникаларының пайдалануын, мал тұқымдарын асылдандыру жұмыстарын бақылау болып табылады.

Аудандық аумақтық басқармасында 1999 жылы 12 қызметкер жұмыс жасаған, соның ішінде 11 мемлекеттік қызметкер, 1 техникалық персонал. Мекеменің 11 мемлекеттік қызметкерлерінің - 1 басқарма бастығы, 1 – бас малдәрігерлік инспектор, 9 – жетекші мамандар.

2003 жылдан бастап штаттық кестеге өзгерістер енгізіп, мамандар жұмысқа қабылданған, 8 ауылдық округтерге мемлекеттік малдәрігерлік инспекторлар. Қызметкерлердің 16 жоғарғы білімді, 3 – арнаулы орта білімді. Мекеме республикалық бюджет арқылы қаржыланады. Мекеменің балансындағы ғимарат 1957 жылы салынған, сонымен қатар мекемеде 1 - «Нива» жеңіл автокөлігі және гаражы бар. Басқарма компьютерлермен қамтамасыз етілген.

Сырым филиалы мемлекеттік мұрағаты №167 қорды мұрағатта тұрақты сақталатын аудандық аумақтық инспекциясының құжаттарына берілді.

1998-2005 жылдарғы аудандық аумақтық басқармасының құжаттары ғылыми-техникалық өндеуден өткізілді. №1 тізімдеме бойынша 1999-2005 ж.ж. 63 іс, №1 «ж» тізімдемесі бойынша 1998-2005 ж.ж. 28 іс, барлығы 91 іс және сақтау мерзімі өткен құжаттарды жою үшін бөлініп алынған актте 47 іс, жетіспейтін тұрақты сақталатын істердің жоқтығына істелген акт, №2-14/179 2008 ж. 19.03.анықтама БҚО мұрағаттар және құжаттамалар бөлімінің СТӘК-на ұсынылды.

Аудандық аумақтық басқармасының №1 тізімдемесіне облыстық аумақтық басқармасы аудандық аумақтық басқармасына қатысты бұйрықтары, ветеринарлық жылдық есеп, өсімдік қорғау жөніндегі жылдық есеп, аудандағы ауылшаруашылық техникалары барлығы жөніндегі жылдық есебі, шығындар сметасы, штаттық кесте, жылдық бухгалтерлік есеп, статистикалық жылдық есептер енгізілді.

№1 «ж» тізімдемесіне негізгі қызмет және жеке құрам жөнінде бұйрықтар, еңбек ақы есептеу ведомостылар, жинақтаушы зейнетақы қорына қаржы аудару жөніндегі құжаттар енгізілді. Ғылыми-техникалық сараптаудан өңдеу кезінде аудандық малдәрігерлік станциясының 1998 ж. 2(дана)

бұйрығы, №1 «ж» тізімдемеге енгізілді. Осыған байланысты №1 «ж» тізімдеме 1998 жылмен басталды.

Сырым аудандық аумақтық басқармасының тізімдемелері, актілері, тарихи анықтамасы мемлекеттік тілде жазылды, құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

04.03.2008 ж.

ҚР АШМ АӨК

**Сырым аудандық аумақтық
инспекциясының басшысы**



T. Kobdabaev **Т.Қобдабаев**